

"Әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері"

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімінің Мемлекет басшысының 2003 жылғы 10 қыркүйектегі N 1184 Жарлығына түсініктемесі

Үстіміздегі жылдың 10 қыркүйегінде өткен құқық қорғау органдары кеңесінің қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы жоғарыда аталған Жарлықты шығарды.

Оның қажеттілігі мынадай жәйттерге байланысты туындаған.

Жүргізілген қысқартуларға қарамастан, әлеует құрылымдарының республикалық және облыстық басқару аппараттары адам саны жағынан көп, олардың негізгі міндеттерді шешумен тікелей байланысты емес қамтамасыз ету қызметтерінің үлесі е л е у л і б о л ы п қ а л у д а .

Елдегі әлеует құрылымдарының әскерилендіру деңгейі жоғары болып тұр.

Шетелдік практиканы зерттеу көрсеткеніндей, көптеген елдерде жоғарыда аталған ұқсас функцияларды азаматтық тұлғалар атқарады, ал погоны бар әскери немесе арнаулы нысандағы киім өздерінің міндеттерін көшелерде және басқа қоғамдық орындарда тікелей атқаратын мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне ғана тиесілі екен, бұл халық оларды билік өкілдері ретінде қабылдауы үшін, арнаулы операциялар өткізу кезінде құқық тәртібін сақтау және төтенше жағдайларда міндеттерін орындауы, заңға құлықты болу және билік өкілдерінің заңды талаптарын сөзсіз орындау қажеттігін жария атап көрсету үшін қажет.

Осыған байланысты үстіміздегі жылдың 10 қыркүйегінде Мемлекет басшысы " Әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері" бойынша Ж а р л ы қ қ а қ о л қ о й д ы .

Жарлықта генералдық лауазымдарды түбегейлі қысқарту көзделген.

Қысқарту негізінен әлеует құрылымдары орталық аппараттарының бірқатар басшы лауазымдары және кадр, тыл, қаржы мәселелеріне құзырлық ететін лауазымды тұлғалар, сондай-ақ ІІМ-нің, ҰҚК-нің бірқатар облыстық бөлімшелерінің жетекшілері е с е б і н е н ж ү р г і з і л д і .

Кейбір шетелдік мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, әскери, құқық қорғау және арнаулы органдардың бірінші басшыларының лауазымы әскери қызметке аттестацияланбаған (азаматтық) лауазымдарға жатқызылды, мұның өзі оларға бұл органдардың тек арнайы ғана емес, сонымен бірге жалпы мемлекеттік тұрғыдағы әлдеқайда кең міндеттерін көріп, ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді.

Әскери және арнаулы атақтар, погоны бар нысанды киім кию құқығы Қарулы

Күштер бөлімшелерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ішкі істер министрлігінің, Қаржы полициясы агенттігінің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің, Әскери прокуратураның, Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, осы органдардың алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей атқаратын әскери қызметшілері мен қызметкерлерінде ғана сақталатын болады. Көмекші бөлімшелер мен қамтамасыз ету қызметтерін қоспағанда, мұндай қызметкерлер лауазымының түпкілікті тізімі б е к і т і л е т і н б о л а д ы .

Нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы Кедендік бақылау агенттігінің қызметкерлерінде, сот атқарушыларында, Көлік және коммуникациялар министрлігінің , Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйесіндегі қызметкерлердің жекелеген к а т е г о р и я л а р ы н д а қ а л а д ы .

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес судьялардың біліктілік сыныптары және прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері жойылатын болады.

Сот мәжілісіне қатысатын прокуратура органдарының қызметкерлері үшін арнаулы мантия киіп жүру құқығын енгізу көзделген. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша мұндай құқықты адвокаттарға да беру туралы мәселе талдап зерттелетін болады. Бұл сыртқы атрибут адвокат пен прокурордың жария етілген теңдігін қ а м т а м а с ы з е т у г е ж ә р д е м д е с е д і .

Жарлықта мемлекеттік органдарда, әскерлер мен әскери құрылымдарда сақталып қалатын лауазымдар мен оларға сәйкес шекті әскери және арнаулы атақтар тізімін қ а й т а қ а р а у т а п с ы р ы л ғ а н .

Әскери және арнаулы атақтағы орта және аға басшы құрамдағы адамдардың еңбек сіңіру мерзімі ұлғайтылу жағына қарай бекітілетін болады.

Ұйымдық-штаттық құрылымдарды оңтайландыру, басқару буындары мен басшылық құрамды қысқарту, сондай-ақ қамтамасыз ету қызметтерінің қызметкерлерін жұмысқа арнаулы атақтар берместен қабылдау тікелей әскери, құқық қорғау және арнаулы функциялар атқаратын қызметтер мен бөлімшелерді кадрлық және материалдық-техникалық нығайту үшін және олардың қызметкерлерінің жалақысын арттыру үшін, бұл да маңызды, қажетті елеулі қаржыны босатып алуға мүмкіндік б е р е д і .

Осылармен бір мезгілде Жарлықтың іс-әрекетіне ұшырайтын адамдардың мүддесін қорғау тетіктері де анықталған. Мәселен, мұндай қызметкерлерге әскери және арнаулы атақтар үшін үстемелерді ескере отырып, қазіргі алатын жалақыларынан төмен болмайтын лауазымдық окладтар белгілеу, әлеуметтік қамтамасыз етуді, зейнет демалысына шығу кезіндегі барлық жеңілдіктер мен артықшылықтарды сақтау к ө з д е л г е н .

Үкіметке 2004 жылдың 1 қаңтарына дейін тиісті заңнамалық актілердің жобасын

әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізу, сондай-ақ осы мәселелер бойынша бұрын шығарылған актілерді Жарлыққа сәйкес келтіру және одан туындайтын басқа да шараларды қабылдау тапсырылды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і Ә к і м ш і л і г і н і ң

Мемлекеттік-құқық бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ